



**Бекітемін:**

Ақмола облысы білім басқармасының  
«Облыстық оқу-әдістемелік  
кабинеті» КММ-нің директоры  
Л.С. Курманғалиева

02 2022 ж.

**Наурыз мейрамын тойлауға арналған  
«Шымырлық пен шеберлік күні» өткізу туралы  
ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

1.1 Осы Ереже меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдар арасында Наурыз мейрамын тойлауға арналған «Шымырлық пен шеберлік күні» мақсаты мен міндеттерін анықтайды, ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын белгілейді.

1.2. «Шымырлық пен шеберлік күні» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Балаларды ерте дамыту институты» республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Институт) 2022 жылға арналған жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.3. **Мақсаты:** казак халқының салт-дәстүрлерімен, әдет-ғұрыптарына, ұлттық ойындарға және еңбек әрекетіне баулу арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін, қызығушылықтарын, белсенділігін қалыптастыру.

**1.4. Міндеттері:**

- дені сау, дербес, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын бала тәрбиелеу;

- ойынға, белсенділікке, пайдалы іске баулу;

- ересектердің балаларға деген мейірімді қарым-қатынасы мен баланың дербестігін ынталандыру;

- балалардың Отанына, еліне, туған өлкесіне оның салт-дәстүрлеріне деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу;

- педагогтердің шығармашылықпен ұлттық құндылықтарды заманауи теориялармен байланыстырып ұйымдастыру қабілеттерін ынталандыру.

**2. Ұйымдастыру тәртібі және өткізу шарттары**

2.1. Ұйымдастырушылары «Балаларды ерте дамыту институты» РММ, Ақмола облысы білім басқармасының «Облыстық оқу-әдістемелік кабинеті» КММ, аудандық/қалалық білім бөлімдері болып табылады.

2.2. «Шымырлық пен шеберлік күні» үш кезеңде өткізіледі:

1 кезең – аудандық (қалалық);

2 кезең – облыстық;

3 кезең – республикалық.

2.3. «Шымырлық пен шеберлік күні» ұйымдастыру және өткізу үшін барлық кезеңдерде қазылар алқасының құқықтары берілген байқау комиссиясы құрылады.

2.4. Байқау комиссиясының құрамына ұйым басшылары, жоғары білікті педагогтер, әдіскерлер, ата-аналар қауымдастығының өкілдері және т.б. кіреді.

2.5. Байқау комиссиясының мүшелері ұсынылған материалдарды зерделейді, байқаудың келесі кезеңдеріне қатысу үшін жеңімпаздарды анықтайды. Байқау қорытындысы бойынша «Ханталапай» ұлттық ойындардан бір жеңімпаз команда, «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» колөнер байқауында бір жеңімпаз команда анықталады, олар келесі кезеңге жіберіледі.

2.6. Байқау комиссиясы мүшелері келесі құқықтарға ие болады:

- әр номинацияда орындардың қайталануына жол беру;
- лайықты үміткерлер болмаған жағдайда, жүлделі орындарды бермеу;
- техникалық ақауларға байланысты (қатысушы тарапынан) ашылмаған бейнематериалдарды қарастырмау;

- ұзақтығы осы Ережеде белгіленген уақыттан асатын бейнематериалдарды қарамау.

2.7. Облыстық кезеңнің байқау комиссиясының қарауына аудандық/қалалық білім бөлімдері келесі материалдарды жолдайды:

- 1) аудандық/қалалық білім бөлімдерінің **ілеспе хаты**;
- 2) байқауға қатысу үшін **өтінім** (осы ереженің 1, 2-қосымшалары);
- 3) бірінші кезең қорытындысы бойынша аудандық/қалалық білім бөлімдерінің **байқау комиссиясының хаттамасы**;

**«Шымырлық пен шеберлік күні»** екі блоктан тұрады:

1) «Ханталапай» балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұлттық ойындар (қимылы, сюжетті-рольдік және басқа) ұйымдастырылады;

2) «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» балалар мен ата-аналардың арасында маға, жүн, былғары, киіз, ағаш, жип, қағаз, сазбалшық және т.б. заттардан колөнер туындыларын әзірлеуден байқау ұйымдастырылады. Байқауға атасы, әжесі, әкесі немесе анасымен баланың бірге қатысуына болады.

2.8. Материалдар «Шымырлық пен шеберлік күні» атауымен **do\_umk@mail.ru** электрондық поштасына **2022** жылдың **«1» наурызынан** кешіктермей жіберілуі тиіс. Көрсетілген мерзімнен кеш түскен материалдар қаралмайды, сондай-ақ қайтарылмайды.

**3. «Ханталапай» ұлттық ойындары мен «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» колөнер байқауы қатысушыларына қойылатын талаптар мен шарттар**

3.1. Байқау мектепке дейінгі ұйымдардың 3-5 (6) жас аралығындағы балалар арасында өткізіледі.

3.2. Ойын тақырыпқа сәйкес безендірілген бөлмеде, көшеде, балалар үшін қауіпсіз жерде де өткізілуі мүмкін.

3.3. Қатысушылар саны: ұлттық ойындарға 7 тәрбиеленушіге дейін, ал колөнер байқауына ата-аналардың (занды өкілдерінің) біреуі баламен қатысуына болады.

3.4. Байқау барысында колонер бұйымдары матадан, былғарыдан, киізден және басқа материалдан жасалады.

3.5. Байқау ұлттық стильде безендірілген болмеде өткізіледі.

3.6. Бейнероликтер ұзақтығы 3 минуттан аспайтын ойынның қызықты кезеңдері мен шығармашылықтың үздік сәттерін көрсетуі тиіс.

3.7. Байқау кезінде түсірілген бейнежазбаларға, оларды таратуға, сондай-ақ жариялауға (оның ішінде Интернет желісінде) барлық құқықтар байқаудың ұйымдастыру комитетіне тиесілі және олар қатысушылардың келісімінсіз білім беру, әдістемелік мақсаттарда пайдалануы мүмкін.

3.8. Өтінім байқау өткізу шеңберінде болашақ қатысушының осы Ереженің шарттарын толық қабылдайтындығының, жеке деректерді оңдеуге келісім беретіндігінің дәлелі болып табылады.

#### **4. Бағалау критерийлері**

4.1. «Ханталапай» ойыны

- педагогтің ұйымдастыру шеберлігі, балалардың ойын шартын түсінуі;
- көрнекі құралдардың қолданылуы;
- бейнероликтің сапасы;
- ойын өткізу орнының талашқа сәйкестігі (ұлттық стильде безендірілуі).

4.2. «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» колонер байқауына ұсынылған жұмыстарды бағалау критерийлері

- байқау өткізу орнының көркем безендірілуі;
- бейнематериалдың сапасы;
- колонердің сюжетке сәйкестігі;
- колонер бұйымын жасауда шығармашылық танытуы.

#### **5. Бейнематериалға қойылатын талаптар**

5.1. Байқау бейнематериалдарына келесі талаптар қойылады:

- түсірілім кәсіби, сапалы, бейнекамераны өшірмей және тоқтатпай орындалуы керек (басынан соңына дейін);
- бейнежазба MPEG-4 форматында қабылданады;
- әр файлдың көлемі 300 Мб артық болмауы қажет;
- бейнефайлдарда қатысушылар туралы ақпарат болуы керек (аты-жөні, жасы, атауы).

#### **6. Байқау жеңімпаздарын марапаттау, қорытынды шығару**

6.1. Байқау жеңімпаздары I дәрежелі, жүлдегерлер II, III дәрежелі Ақмола облысы білім басқармасының «Облыстық оқу-әдістемелік кабинеті» КММ-нің дипломдарымен марапатталады, жеңімпаздар мен жүлдегерлер дайындаған педагогтерге алғыс хат беріледі.

6.2. Байқау қорытындысы мен жеңімпаздардың байқауға ұсынған материалдары облыстық оқу-әдістемелік кабинетінің сайтында және әлсуметтік желілерде жарияланатын болады.

**Анықтама телефоны: 8 (7162) 40-12-36**

\_\_\_\_\_ ауданы/қаласы бойынша  
 Наурыз мейрамын тойлауға арналған «Шымырлық пен шеберлік күні»  
 шеңберінде «Ханталапай» ойыны байқауының облыстық кезеңіне  
 қатысу үшін өтінім

№	МДҰ толық атауы (МДҰ Жарғысына сәйкес)	Ойын атауы	Қатысушылар саны	Жеңімпаз туралы мәлімет		Жауапты педагогтың аты-жөні
				Баланың аты-жөні	Жасы	

2 - қосымша

\_\_\_\_\_ ауданы/қаласы бойынша  
 Наурыз мейрамын тойлауға арналған «Шымырлық пен шеберлік күні»  
 шеңберінде «Әке көрген оқ жонар, ана көрген топ пішер»  
 көлөнер байқауының облыстық кезеңіне  
 қатысу үшін өтінім

№	МДҰ толық атауы (МДҰ Жарғысына сәйкес)	Жұмыстың тақырыбы, атауы	Жеңімпаз туралы мәлімет		Жауапты педагогтың аты-жөні
			Баланың аты-жөні	Жасы	